



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 17 қараша


Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдер тұрақты өсуді көрсетуде

Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдердің көлемі өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2017 жылғы 9 айда саны бойынша 80,7%-ға және сомасы бойынша 75,0%-ға өсті. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында жарияланған «Төлем жүйелерін қадағалаудың (оверсайттың) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығын дамытудың 2017 жылғы 9 айдағы нәтижелерін шолуда» хабарланады.

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдер 1 965,5 млрд. теңге сомаға 152,1 млн. операция болды. Бұл ретте төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың жалпы көлеміндегі қолма-қол жасалмайтын есеп айырысудың үлесі төлемдердің саны бойынша 47% деңгейге дейін, төлемдердің сомасы бойынша 20,4%-ға дейін өсті.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдердің өсуіне төлем карточкаларына қызмет көрсету желісін кеңейту бойынша банктер жүргізген жұмыстар, интернет және мобильдік банкинг жүйелерінің дамуы, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу үшін төлем карточкаларын қолдануда клиенттердің қызығушылықтарын арттыру бойынша ынталандыру және жергілікті бағдарламалар себепші болды. Атап айтқанда, POS-терминалдар саны 2016 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 121 725 бірлікке дейін 18,8%-ға өсті.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдердің үлесі



Электрондық төлемдер мен электрондық ақшаның танымалдығы артуда - ҚРҰБ

Электрондық төлем қызметтері нарығында Интернет/мобильді банкинг арқылы жасалған операциялардың өсуінің оң серпіні сақталып отыр. Төлем картасын пайдалана отырып Интернет және мобильді банкинг арқылы жүргізілген төлем көлемдері 2016 жылмен салыстырғанда 78,9%-ға өсті. Мұндай деректер Қазақстан Ұлттық Банкінің Интернет-ресурсында жарияланған «Төлем жүйелерін қадағалаудың (оверсайттың) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығын дамытудың 2017 жылғы 9 айдағы нәтижелерін шолуда» келтірілген.

Жалпы 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте интернет/мобильді банкинг арқылы 715,7 млрд. теңге сомаға 58,9 млн. операция жасалды. Осы сервистерді пайдалана отырып төлемдердің үлесі төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы көлемінен саны бойынша 38,7%-ды және сомасы бойынша 36,4%-ды құрады.

2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 7,8 млн. интернет және мобильді банкинг пайдаланушысы тіркелген. Айына олардың 23%-ы орта есеппен белсенді түрде операциялар жүргізеді.

Оның үстіне, электрондық ақша нарығы да өсуде. Мәселен, Қазақстандық эмитенттердің электрондық ақшасын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың көлемі 2017 жылғы 9 айда 240,3 млрд. теңге сомаға 57,1 млн. транзакцияны құрады және 2016 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда операция саны бойынша 2,1 есе және операция сомасы бойынша 2,6 есе өсті. Қазақстанның электрондық ақша жүйесінде тіркелген «электрондық әмиян» саны 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 7,2 млн. бірлікті құрады.

Ақша аударымдары жүйелері арқылы төлемдердің көлемі 24%-ға өсті

Ақша аударымдары жүйелері арқылы жөнелтілген транзакциялардың жалпы көлемі 2017 жылғы 9 айда 361,6 млрд. теңге сомада 1,9 млн. транзакция болды және 2016 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңімен салыстырғанда 24,0%-ға өсті. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің «Төлем жүйелерін қадағалаудың (оверсайттың) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығын дамытудың нәтижелерін шолуда» хабарланады.

Аталған төлем жүйелері негізінен ақысыз аударымдарды жүргізуге бағытталғаны аталды (жеке тұлғалардың ақша аударымдарының жалпы санынан 99,7% және жалпы көлемінен 99,6%).

Жеке тұлғалардың шетелге мерзімді және аздаған ақша аударымдары үшін негізінен банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы төлем жүйелерінің операторларымен жасалған агенттік келісімдердің негізінде ұсынатын ақша аударымдары жүйелерінің қызметтері пайдаланылады.

Бұл ретте Қазақстан бойынша ақша аударымдары жүйелері арқылы жүргізілген ақша аударымдарының көлемі 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 15,2 млрд. теңге сомада 150,7 мың транзакция болды. Ақша аударымдары жүйелері арқылы шетелге 346,4 млрд. теңге сомада 1 766,8 мың транзакция жөнелтілді, шетелден 226,9 млрд. теңге сомада 1 013,0 мың транзакция алынды.

Қазақстанның төлем жүйелері арқылы жасалатын төлемдердің көлемдері өсу серпінін көрсетті


2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аударымдары жүйесі) (БААЖ) және Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ) арқылы 643,4 трлн. теңге сомаға 26,4 млн. транзакция жүргізілді. 2016 жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда төлем жүйелері арқылы өңделген төлемдердің сомасы 49,2%-ға (212,1 трлн. теңгеге) өсті. Аталған деректер Қазақстан Ұлттық Банкінің «Төлем жүйелерін қадағалаудың (оверсайттың) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығын дамыту нәтижелерін шолуда» келтіріледі.

Аталған төлем жүйелерінің қатысушылары ретінде бірінші кезекте Қазақстан Республикасының банктері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті және банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар танылады.

Төлем жүйелерінің үздіксіз жұмысының (жұмыс қабілеттілігінің) коэффициенті банкаралық төлем жүйелерін тиімді дамытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Жалпы қабылданған нормаларға қарай, 99%-дан жоғары көрсеткіш елдегі жұмыс істейтін жүйелердің жоғары тиімділігін сипаттайды. 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте БКЖ-да жұмысқа қабілеттілік коэффициенті 100,00% болды, бұл ретте БААЖ-да жұмысқа қабілеттілік коэффициенті 99,99% болды.

Талдау жасалып отырған кезеңде аталған жүйе арқылы бір секундта 10-нан 30-ға дейінгі төлем хабарларының өңделуі де БААЖ жұмысының тиімділігін білдіреді. Қазақстан Ұлттық Банкі және төлем жүйелерінің операциялық орталығы («Қазақстанның банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК) төлем жүйелерінің бағдарламалық техникалық кешенінің жұмысын қолдау, оның ішінде резервтік орталық арқылы үздіксіз режимде қолдау бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізіп отыр.

Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелеріндегі төлемдер ағынының серпіні



Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

